



**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ
АГЕНТТІГІ - IQAA**

**КЕАҚ «М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ»
СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ**

**Білім беру бағдарламасын аккредиттеу
8D02310 – Филология**

Астана, 2025 ж

Эксперт тобы



Асанбаева Сауле Асанбаевна, білім беру бағдарламасының жетекшісі, Қазақ тіл білімінің әдістемесі мен теориясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» Ке АҚ, Алматы қ.



Сыздыкова Жибек Сапарбековна, тарих ғылымдарының докторы, «Шығыс мәдениетінің экологиясы» ғылыми-зерттеу зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, «М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті» ФМБ ЖББМ, Мәскеу қ., РФ



Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы, қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Ке АҚ, Астана қ.



Токпанов Еркін Аипович, география ғылымдарының кандидаты, жаратылыстану пәндері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, НАО «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті», Талдықорған қ.



Ибрагимова Гульнар Жумашовна, «Shymkent» Жоғары педагогикалық колледжінің директоры, г. Шымкент



Ибрагимов Ганишер Гулямович, «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогын даярлау» білім беру бағдарламасының 2 курс докторанты, «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» Ке АҚ, Шымкент қ.

IQAA ҮЙЛЕСТІРУШІСІ

Тажибаева Гаухар Баранбаевна, Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі, жоғары оқу орындары мен ҒЗИ аккредиттеу департаменті, сараптама тобының үйлестірушісі

Сараптамалық топтың есебі IQAA-ның зияткерлік меншігі болып табылады. Ақпаратты кез-келген пайдалануға IQAA сілтемесі болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Авторлық құқықты бұзу құқықтық жауапкершіліктің басталуына әкеледі.

МАЗМҰНЫ

1-ТАРАУ САПАРДЫҢ КОНТЕКСТІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Кіріспе..... 5

Университеттің негізгі сипаттамалары 5

2-ТАРАУ САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Кіріспе..... 7

1-стандарт

Сапаны қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық..... 7

2-стандарт

Білім беру бағдарламасының мазмұны..... 10

3-стандарт

Оқытушы-профессорлар құрамының (ОПҚ) сапасы 12

4-стандарт

Ғылыми-зерттеу жұмысының сапасы..... 14

5-стандарт

Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі..... 19

6-стандарт

Ресурстар..... 21

7-стандарт

Бағдарлама бойынша оқу нәтижелерінің тиімділігі және қоғамды ақпараттандыру..... 23

3 ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ..... 27

Қосымшалар

1-қосымша

Сыртқы сапар бағдарламасы..... 30

2-қосымша

Сұхбатқа қатысушылардың тізімі..... 33

3-қосымша

ЖОО-да қосымша қаралған құжаттар тізімі..... 36

**8D02310 - ФИЛОЛОГИЯ БББ-ы БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ
ЕСЕБІНІҢ ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША НАҚТЫ ЖАҒДАЙҒА
СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ**

Стандарттар	Өзін-өзі бағалау туралы есептің әр стандарт үшін университеттің нақты жағдайына сәйкестігін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Айтарлықт ай сәйкестік	Ішінара сәйкестік	Сәйкессіздік
<i>Стандарт 1</i> Сапаны қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламасының мазмұны	+			
<i>Стандарт 3</i> Оқытушы-профессорлар құрамының (ОПҚ) сапасы	+			
<i>Стандарт 4</i> Ғылыми-зерттеу жұмысының сапасы		+		
<i>Стандарт 5</i> Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі	+			
<i>Стандарт 6</i> Ресурстар	+			
<i>Стандарт 7</i> Бағдарлама бойынша оқу нәтижелерінің тиімділігі және қоғамды ақпараттандыру		+		

1-ТАРАУ

САПАРДЫҢ КОНТЕКСТІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Kіріспе

Шартпен аккредиттелген білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу рәсімі мақсатында сараптамалық топтың сыртқы сапары 2025 жылғы 7-8 сәуір аралығында өтті.

Сарапшылар тобының жұмысы БСҚБТА әзірлеген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Сараптама тобының мүшелеріне сапар басталғанға дейін білім беру ұйымына жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, Университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалауы жөніндегі есеп, мамандандырылған аккредиттеу рәсімі үшін сыртқы бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі басшылық, сарапшының Ар-намыс Кодексі және т.б.) ұсынылды, бұл сыртқы бағалау рәсіміне алдын ала дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына ұйымның жалпы сипаттамасымен, соңғы жылдардағы жетістіктерімен және университеттің даму перспективаларымен ресми танысуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапар қатаң түрде бағдарлама бойынша жүзеге асырылды. Сапар барысында сарапшылар тобы университет басшылығымен және әкімшілік құрамымен, кафедра меңгерушілерімен, профессорлық-оқытушылық құраммен, жұмыс берушілермен, докторанттар мен БББ түлектерімен бірқатар кездесулер мен сұхбаттар өткізді. Жалпы, ЖОО-ға барған кезде зерттелген құжаттама және сапар барысында кездескен адамдар тобы, сондай-ақ кафедраның сарапшылар тобы мүшелерінің, аудиториялардың, кітапхананың, тренажер залының, ашық спорт алаңдарының, спорт кешенінің, ойын залының, компьютерлік сыныптардың және т.б. болуы аккредиттелуші туралы неғұрлым толық ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Университеттің негізгі сипаттамалары

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (бұдан әрі – М.Әуезов атындағы ОҚУ, Auezov University) – Қазақстан Республикасындағы ең ірі және көпбейінді университеттердің бірі, аймақтың ғылыми-білім беру, зияткерлік және мәдени орталығы. Auezov University – республикадағы жоғары білім беру саласындағы ең жарқын брендтердің бірі болып табылады және өзінің қызметін ғылым мен білім беру, инновация және жастар саясаты саласындағы мемлекеттік саясат принциптеріне, сондай-ақ жоғары білім берудің жаһандық даму үрдістеріне сәйкес жүзеге асырады. Қазіргі уақытта университет құрамында: 5 жоғары мектеп, 8 факультет, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты, дайындық орталығы (Foundation), әскери кафедра, 66 кафедра, 2 ғылыми-зерттеу институты, 17 ғылыми-зерттеу зертханасы және 6 ғылыми орталық жұмыс істейді. Оқу процесін ұйымдастыру үшін университеттің балансында: 17 оқу ғимараты (оның ішінде 3 спорт кешені), 6 студенттік жатақхана, 1 қала сыртындағы оқу-жаттығу орталығы бар.

2023 жылы М.Әуезов атындағы ОҚУ Білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттікте (БСҚА - IQAA) 7 жыл мерзімге институционалдық аккредитациядан сәтті өтті. Университеттің 237 білім беру бағдарламасы БСҚА және ASIIN аккредитация куәліктеріне ие болған.

Кадрларды даярлау білім беру, құқықтану, экономика, жаратылыстану, гуманитарлық, ауылшаруашылық ғылымдары, техника, технология, өнер, мәдениет және қызмет көрсету салалары бойынша жүзеге асырылған. Бұл қызмет ҚР 2020 жылғы 23 шілдедегі № KZ09LAA00018469 Мемлекеттік лицензиясына сәйкес 165 бакалавриат, 105 магистратура және 30 докторантура білім беру бағдарламасы бойынша жүргізіліп жатыр.

М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары көпбейінді аймақтық университеттің әлеуетіне, ҚР Үкіметі айқындаған ғылымның басым бағыттарына және Түркістан облысының қажеттіліктеріне сәйкес анықталған.

2024 жылы М.Әуезов атындағы ОҚУ-да жалпы сомасы 1 миллиард 453 миллион теңгені құрайтын 67 ғылыми жоба жүзеге асырылуда.

"ZHAS GALYM" университетішілік байқауына 22862489 теңге бөлінген. Университетте 16 білім беру бағдарламасы бойынша 11 Диссертациялық кеңес жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда университет 35 елдегі 237 жоғары оқу орны, ұйым және ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастық туралы бірлескен келісімдер мен меморандумдар жасасқан: ТМД елдері, Еуропа, Шығыс және Батыс Азия. Университеттің стратегиялық серіктестері ретінде жақын және алыс шетелдерден 30 жоғары оқу орны белгіленген.

Қазіргі уақытта университетте ERASMUS+ бағдарламасының 3 жобасы жүзеге асырылуда.

Университеттің «Жаңа құзыреттерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті бейнелейтін көшбасшыны даярлау» миссиясын іске асыруы ғылым және білім беру саласындағы стратегиялық міндеттерді орындауға мүмкіндік береді.

2-ТАРАУ

САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Kіріспе

М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың филология факультетінде 2012 жылдан бастап 8D02310 «Филология» білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда (ҚР БҒМ-ның 2012 жылғы 14 қарашадағы №12019073 бұйрығы негізінде). Бұл бағдарлама іргелі және әдістемелік білім беруді, филологиялық пәндерді тереңдетіп оқытуды, ғылыми-зерттеу секторларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын қамтиды, жүйелерге прогрессивті білім қалыптастыратын түлектерді дайындауға бағытталған.

8D02310 – Филология БББ бойынша докторанттарды даярлаудың білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты: Халықаралық еңбек нарығында кәсіби және ғылыми құзыреттіліктері мен оларды практикалық және ғылыми қызметте іске асыру дағдылары бар жоғары білікті және бәсекеге қабілетті гуманитарлық кадрларды даярлау.

8D02310 –Филология білім беру бағдарламасының бірегейлігі кәсіби салада заманауи білім беру технологияларын меңгерген мамандарға қойылатын талаптарға сәйкес осы бағыт бойынша болашақ ғылыми-педагогикалық кадрларды сапалы кәсіби даярлауды қамтамасыз ету болып табылады. Сондай-ақ, стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарланған.

Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен кәсіпкерлікті дамытуға, кез-келген өмірлік жағдайда функционалды сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару.

Қазіргі уақытта білім беру бағдарламасы базалық білімі бар, 2 ғылым докторын, 5 ғылым кандидатын, 2 PhD докторын (дәрежелілігі 100%) ұсынатын кафедраның жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрамымен қамтамасыз етілген.

1-стандарт. Сапаны қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық

Дәлелдемелер:

8D02310 – Филология БББ мақсаттары мен міндеттері әлеуетті тұтынушылардың талаптары мен сұраныстарын ескере отырып, әлеуетті жұмыс берушілердің мүдделерімен, ЖОО әлеуетімен, тұтастай алғанда мемлекет пен қоғамның талаптарымен айқындалатын БББ қажеттілігін бағалау негізінде тұжырымдалған.

Докторанттар БББ әзірлеуге қатысады және университетте жүзеге асырылатын барлық процестерді жоспарлауға, іске асыруға және бақылауға белсенді қатысуда. Олардың ұсыныстары оқу жоспарын құру және жекелеген

пәндердің мазмұнын құрастыру кезінде ескерілген. 8D02310-Филология БББ докторанттары «Ғылыми зерттеу әдістері» пәнінің мазмұнына өзгерістер енгізген. Элективті пәндер каталогын құру бойынша келесі іс-шаралар жүргізілген: кафедралар, жұмыс берушілер және докторанттар пәндер тізімін ұсынады. Пәндердің сипаттамасына пререквизиттер, постреквизиттер, ұсынылатын курстың қысқаша мазмұны, сондай-ақ қалыптастырылатын оқыту нәтижелері енгізілген.

Сапа саласындағы саясат, сапа менеджменті жүйесіне қойылатын негізгі ережелер мен талаптар ҚР СМЖ 01-2021 (01-нұсқа) «Сапаны қамтамасыз ету жүйесі бойынша басшылықта» сипатталған. ОҚУ оқыту сапасы саласындағы саясат ресми құжат түрінде жарияланады және университет пен оның бөлімшелерінің ақпараттық стендтерінде жалпыға қолжетімді нысанда орналастырылған.

Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты сапаны қамтамасыз ету және сапаны үздіксіз жетілдіру бойынша ОҚУ-да белгіленген жалпы тәсілдерді, шешуші принциптерді, негізгі тетіктерді сипаттайды. Саясат стратегиялық басқарудың бөлігі болып табылады және басқа құжаттармен бірге қарастырылған: миссия, Стратегиялық жоспар. Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты мен стандарттары университеттің сапаны қамтамасыз етудің логикалық құрастырылған және жүйелі ішкі жүйесінің негізі болып табылады.

Талдау:

Университетте «Докторантурадағы ішкі сапаны қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық» ҚР СМЖ ОҚУ 05-2022 процедурасы әзірленген (2022 жылғы 31 мамырдағы №118-нқ ректордың бұйрығымен бекітілген). Бұл құжат докторантураның ішкі сапа жүйесінің мақсаты, міндеттері, реттілігі мен негізгі ережелерін айқындайды, сондай-ақ докторантураның білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру мен іске асыруға қатысатын лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер үшін міндетті нұсқаулық болып табылады, әрі ОҚУ сапа менеджменті жүйесінің құжаттамаларының құрамына кіргізілген.

Сапа саясаты және сапа менеджменті жүйесіне қойылатын негізгі ережелер мен талаптар «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі туралы СМЖ ОҚУ Б СІҚЖ 01.03-2022 (18.03.2022 ж. №64-нқ бұйрығымен бекітілген) әдістемелік нұсқауларда сипатталған.

Сапа саласындағы Саясат университеттің даму стратегиясы негізінде тұжырымдалған және ЖОО-ның миссиясына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Сапа саласындағы миссия мен саясат, кафедралардың, факультеттердің стендтерінде, кітапханада, университет қызметтері басшыларының кабинеттерінде, auezov.edu.kz сайтында орналастырылған, яғни, ОҚУ-дың барлық қызметкерлері мен білім алушыларының құжаттармен танысуды қамтамасыз ету үшін қолжетімді жерлерде орналастырылған. Миссия, сапа мақсаттары мен міндеттері туралы ақпарат университет туралы мақалалар мен

очерктер мәтіндерінде орналастырылады, талапкерлерге арналған жинақтар мен жарнамалық буклеттерге енгізілген.

8D02310–Филология БББ мақсаты университеттің миссиясымен келісілген және озық білімі, кәсіпкерлік дағдылары бар, үш тілді еркін меңгерген, тұжырымдамалық, аналитикалық және логикалық ойлау дағдыларын көрсететін, ұлттық және халықаралық ұжымда жұмыс істей алатын, өмір бойы оқыту стратегиясын меңгеретін кәсіби қызметтегі шығармашылық тәсілді көрсететін елдің зияткерлік элитасын дайындауға бағытталған. БББ Дублиндік дескрипторларға, ҚР Ұлттық біліктілік шеңберінің 8-деңгейімен, еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік шеңберінің 3 циклімен (a frame work for Qualification of the European Higher Education Area), сондай-ақ өмір бойы білім алуға арналған Еуропалық біліктілік шеңберінің 8-деңгейімен (the European Qualification frame work life long Learning үшін) сәйкес әзірленген.

М.Әуезов атындағы ОҚУ ҚР жоғары оқу орындары қауымдастығының Академиялық адалдық Лигасының мүшесі ретінде Академиялық адалдық, іскерлік этика қағидаттарын сақтау бойынша өзара қатынастарды реттейтін ішкі актілер қабылданған, университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басым бағыттары айқындалған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта тыйым салулар, рұқсаттар мен шектеулер бекітілген. Университетте ұйымдық құрылымдардың, оның қызметкерлері мен білім алушылардың Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмыс істейді.

ОПҚ және докторанттар кемсітушілік, кез келген түрдегі төзбеушілік және құқықтар бұзылған жағдайда Әдеп жөніндегі өкілге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс–қызметке жүгінеді. Өтініштер сенім телефоны, сенім жәшіктері және ректордың блогы арқылы қабылданады. Қажет болған жағдайда өтініштер Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында алқалы түрде қарастырылады.

Оқу процесінде білім алушылардың, оның ішінде докторанттардың барлық жазбаша жұмыстары және оқытушылардың оқу-әдістемелік әдебиеттері (оқулықтар мен оқу құралдары) плагиатқа қарсы жүйе арқылы өзіндік ерекшелігіне тексеріледі. Жазбаша жұмыстардың төлдаралық көрсеткішін анықтау үшін университетте «Антиплагиат» ААЖ. Қазақстан. ЖОО» қолданылуда.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат Академиялық адалдық пен еркіндікті қолдауға, білім алушылар мен қызметкерлерге қатысты кемсітушіліктің, төзбеушіліктің кез келген түрінен қорғауға тиіс. ОҚУ-да «Академиялық адалдық туралы ереже» дайындалып, енгізілген. Оқудағы оқытушылар мен білім алушылардың Ар-намыс кодексі атқаратын лауазымына қарамастан әрбір қызметкердің іс-қимылының міндетті үлгісін айқындайды.

М. Әуезов атындағы ОҚУ-да академиялық адалдықты бұзудың саясаты мен салдарын реттейтін ішкі актілер бекітілген:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (14.07.2022 ж. № 144-нқ бұйрығы);
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021 ж. бастап);
- Әдеп кодексі (11.10.2022 ж. № 212-нқ бұйрығы);

- Академиялық адалдық ережелері (07.12.2021 ж.);
- Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже (11.10.2022 ж. № 212-нқ бұйрығы);
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже (14.02.2022 ж. № 35-нқ бұйрық);
- Қызметтік тексеру жүргізу тәртібі туралы ереже (11.10.2022 ж. № 212-нқ бұйрығы);
- «Ішкі актілер мен ішкі актілер жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу жөніндегі үлгілік қағидалар» (12.02.21 ж. № 46-нқ бұйрық).

Ішкі және сыртқы коммуникацияның объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ талапкерлермен өзара іс-қимыл жасау үшін мынадай кері байланыс арналары жұмыс жасап жатыр:

- ректордың блогы;
- call-center;
- сенім телефоны;
- сенім жәшіктері;
- Instagram, Facebook, Telegram, Twitter, TikTok, V Kontakte), «Университет» газеті, әлеуметтік желілердегі университеттің ресми парақшалары;
- Виртуалды қабылдау комиссиясы;
- маркетинг және рекрутинг бөлімі.

Жағымды практика:

Академиялық адалдық кодексі, профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналының этика қағидалары, жоғары оқу орны саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, енгізілген.

Университеттің ҚР жоғары оқу орындары қауымдастығының Академиялық адалдық Лигасының мүшесі ретінде Академиялық адалдық қағидаттарын толық қолдап, қамтамасыз етуі.

1-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік

2-стандарт. Білім беру бағдарламасының мазмұны

Дәлелдемелер:

Университетте «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту туралы» 7.44-2022 Т.ОҚУ СМЖ ережесі әзірленді, онда оларды құру кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету үшін «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітудің нысаны, құрылымы және тәртібі айқындалған.

8D02310 – Филология БББ өзінің мазмұны мен құрылымы бойынша МЖМБС сәйкес келеді. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантура БББ 45 кредит көлеміндегі базалық және бейіндеуші пәндер циклін, 123 кредит ҒЗЖ

және 12 кредит көлеміндегі қорытынды аттестаттауды қамтитын теориялық оқытудан тұрады, ол докторлық диссертация жазу және қорғау нысанында жүргізіледі.

8D02310-Филология білім беру бағдарламасы оқу және ғылыми/зерттеу компоненттерінен, білім беру мазмұнын анықтайтын әртүрлі жұмыс түрлерінен тұрады, олардың арақатынасын, мөлшері мен есебін сипаттайды. БББ зерттеу компоненті ғылыми-зерттеу жұмыстарынан, докторанттардың ғылыми жарияланымдар дайындауынан және докторлық диссертация жазудан тұрады. Білім алушылардың оқу және ғылыми жұмысының жұмыс көлемі ECTS 180 кредиті көлемінде игерілген материал санымен айқындалады. БББ 8D02310-Филология докторантурасы циклдар бойынша мынадай пәндерді игеруді көздейді: базалық пәндер циклі (БП) міндетті компоненттің 1 модулінен (МК) (3 кредит – 5ects) тұрады, бейіндік пәндер циклі (БП) 3 элективті модульден (12 кредит – 18 ECTS) тұрады (8-қосымша). БББ докторанттарды оқыту нәтижелері мен игерілетін құзыреттер де келтірілген.

8D02310-Филология БББ қазіргі филология ғылымы саласында докторанттарды даярлауға бағытталған. Докторанттардың зерттеу құзыреттерін күшейту үшін білім беру бағдарламасына пәнаралық тәсілдерді пайдалана отырып, элективті пәндер енгізілді. «Лингвистикалық зерттеулердің әдістемесі мен әдіснамасы» және «Лингвистикалық зерттеулердегі заманауи бағыттар» пәндері жұмыс берушілердің (Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті) ұсыныстары бойынша 8D02310 – Филология білім беру бағдарламасына енгізілген.

8D02310-Филология БББ педагогикалық және зерттеу практикасынан өтуді көздейді. Педагогикалық практика жоғары оқу орнында ғылыми-педагогикалық қызметке дайындық болып табылады, арнайы пәндер бойынша білім беру дағдыларын нығайтуға, бакалавриат пен магистратура білім алушыларының оқу қызметін ұйымдастыруға, оқу-әдістемелік жұмысты орындауға мүмкіндік берілген.

Талдау:

Білім беру бағдарламасының мазмұны жыл сайын еңбек нарығына, жұмыс берушілердің талаптарына, білім алушылардың сұраныстарына, қарастырылып отырған салада жаңа техникалық және әдістемелік инновациялардың пайда болуына сәйкес түзетіледі, бұл модульдік білім беру бағдарламаларының каталогында көрсетілген.

ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жұмыс оқу жоспарын, академиялық күнтізбені, оқу процесінің кестесін және ББ әдістемелік қамтамасыз етуді қамтиды: элективті пәндер каталогы, пәндер силлабустары, практика бағдарламалары және олардан өту жөніндегі әдістемелік нұсқаулар, мемлекеттік қорытынды аттестаттау бағдарламасы және оған әдістемелік ұсынымдар.

8D02310-Филология білім беру бағдарламасының сыртқы сараптамалық қорытындысы бар.

Жағымды практика:

Жетекші жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары, облыстық және республикалық кітапханалар және басқа да практикадан өту орындары оқу орындарының кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен жыл сайынғы (немесе ұзақ мерзімді) ынтымақтастық келісімшарттарымен бекітілген.

Жақсарту бойынша ұсыныс: 8D02310 – Филология білім беру бағдарламасы қазіргі филология ғылымы, яғни, тіл мен әдебиет саласында докторанттарды даярлауға бағытталғандықтан, оқу нәтижелерінің (БББ) мазмұны мен пәндер сипаттамаларын жетілдіруді ұсынамыз.

2-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік

3-стандарт. Оқытушы-профессорлар құрамының (ПОҚ) сапасы

Дәлелдемелер:

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ кадр саясаты университеттің адами ресурстарды басқару саласындағы миссиясын, көзқарасын, құндылықтарын, қағидаттары мен негізгі бағыттарын, сондай-ақ осы қызметтің тиімділік өлшемдерін айқындайды.

Кадр саясатының негізгі мақсаты - экономикалық ынталандырулар мен әлеуметтік кепілдіктерге негізделген бәсекелестік ортада көшбасшылықты қамтамасыз ету, жұмыс берушінің және қызметкердің мүдделерінің үйлесімін қамтамасыз ете отырып, университеттің адам ресурстарын басқару жүйесін құру арқылы персоналды басқарудың тиімділігін арттыру және олардың университет игілігі үшін қарым-қатынастарын дамыту.

ОҚУ-да кадрларды жұмысқа қабылдау мен орналастыру 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚР Еңбек Кодексіне және кадрлық саясаттағы меритократия қағидасына сай жүзеге асырылады.

Бұл үдеріс келесі құжаттарға сәйкес байқау негізінде жүргізіледі:

- М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ директорлар кеңесі мәжілісінің шешімімен (27.06.2023 ж., №2 хаттама) бекітілген профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналастыру ережелері;

– Басқарма төрағасы-ректор м.а. 24.01.2023 ж. №139-нқ және 01.10.2020 ж. №73-нқ бұйрықтарымен бекітілген құрылымдық бөлімшелер жетекшілерін конкурстық орналастыру ережелері;

– Басқарманың 01.02.2024 ж. №48-нқ шешімімен бекітілген «ОҚУ СМЖ КС 01-2024 Кадр саясаты»;

Қазіргі уақытта білім беру бағдарламасы базалық білімі сәйкес, 2 ғылым докторы, 5 ғылым кандидаты, 2 PhD докторы (дәрежелілігі 100%) ұсынатын кафедраның жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрамымен қамтамасыз етілген.

Талдау:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес ғылыми жетекшілік ету үшін докторанттармен кемінде 2 адамнан тұратын кеңесшілер тағайындалады, олардың бірі – шетелдік жоғары оқу орнының ғалымы. Ғылыми кеңесшіге жетекшілік ету үшін жыл сайын әр докторантқа 60 сағат бөлінген. Екінші тең дәрежелі жетекшіні (отандық кеңесші) тағайындау қажет болған кезде алпыс сағат нақты оқу жылына қатысу дәрежесіне байланысты жетекшілер арасында бөлінеді. Докторлық диссертацияға жетекшілік ету үшін докторантқа оқуға түскеннен кейін екі ай ішінде ғылыми жетекші тағайындалады. Ғылыми жетекшілік Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ЖЖОКБҰ ректордың бұйрығымен бекітілген. Ғылыми жетекшілікке БББ бейіні бойынша тәжірибелі мамандар тартылған.

2024-2025 оқу жылына докторанттарға жетекшілікті біліктілік талаптарына сәйкес келетін ғылыми кеңесшілер бекітілген:

- филология ғылымдарының докторы, профессор Б.М.Тілеубердиев (докторант Ж.Жүсібалина, Б.М.Базарбеков, Г.Хусаинова) ;
- филология ғылымдарының докторы, доцент Боранбаев С Р (докторант Серкебаева Г., Амирова Г., Нартай А.) ;
- филология ғылымдарының кандидаты, доцент Омаров Н. . (докторант Насридинов Б., Мұсабеков К., Батырбекова К.) ;
- филология ғылымдарының кандидаты, доцент А. Ыбырайым (докторант А. Есенбаева, Г.Кошикбаева).

8D02310-Филология БББ докторанттарының шетелдік ғылыми жетекшілері ретінде 2020-2024 жж. кезеңінде БББ бейіні бойынша алдыңғы қатарлы шетелдік жоғары оқу орындарының мамандары бекітілген:

1. Кенан Коч (Kenan Koch) – филология ғылымдарының докторы. Түркия, Мугла Сыткы Кочман университеті, «Түркі тілдері мен әдебиеті» кафедрасының профессоры.

2. Радбиль Темур Беньюминович – филология ғылымдарының докторы, профессор. Н.И.Лобачевский атындағы Нижний Новгород мемлекеттік ұлттық зерттеу университеті, Ресей.

3. Ержан Алкая (Ercan Alkaya) – филология ғылымдарының докторы. Түркия, Фырат университеті, Қоғамдық-гуманитарлық факультетінің «Түркі тілдері мен әдебиеті» кафедрасының профессоры.

Жазымды практикалар:

ПОҚ ғылыми зерттеулерін қолдау және жариялау белсенділігін ынталандыру мақсатында ЖОО басшылығы жыл сайын қызметкерлерге олардың ғылымға қосқан үлесі үшін марапаттаулар мен сыйақы қарастырылған.

8D02310-Филология БББ бойынша түлектің негізгі құзыреттіліктерін және оқыту нәтижелерін қалыптастыру мақсатында оқытудың инновациялық әдістемелері қолданылады, бұл қажетті құзыреттіліктермен бағдарламаны тиімді меңгеру үшін алғышарттар береді.

Ұсыныс:

Докторанттардың кәсіби қызметіне қажетті оқыту нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін ҚР басқа ЖОО-дан, алыс-жақын шетелдерден жоғары білікті ғалымдарды дәріс оқуға шақыру жағын қолға алуды ұсынамыз.

«8D02310-Филология» білім беру бағдарламасы профессор-оқытушы құрамының ішкі, сыртқы академиялық ұтқырлық аясындағы алмасуларын жандандыру.

3-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік

4-стандарт. Ғылыми-зерттеу жұмысының сапасы

Дәлелдемелер:

Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүргізілуде.

Докторантурада білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы бекітілген жеке жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Бітіруші кафедралар докторанттар жүзеге асыратын диссертациялық зерттеулер тақырыбының кафедра мен факультеттің ғылыми-зерттеу қызметінің бағыттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі және докторантураның білім беру бағдарламаларының білім алушыларын университеттің бітіруші кафедралары мен ғылыми зерттеу институттары (ҒЗИ) орындайтын ғылыми жобаларға қатысуға тартуы тиіс.

ЖОО құрылымында «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ғылыми-зерттеу институты (ҒЗИ) жұмыс істейді, оның құрамына 6 ғылыми орталық кіреді, атап айтар болсақ «Абайтану» ҒО, «Түркология» ҒО, «Мұхтартану» ҒО. Бұл орталықтарда өз зерттеулерімен 8D02310 – Филология БББ докторанттары жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2023 жылғы 29 наурыздағы №141 бұйрығымен М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде 8D023 тілдер және әдебиет бағыты бойынша 8D02310 (мамандығы) - Филология бойынша диссертациялық Кеңес ашылған.

Университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен филология ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті Боранбаев Сандыбай Режепұлы диссертациялық кеңестің төрағасы болып тағайындалды. Университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы болып М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор Тәжиев Хамидулла Хабибуллаұлы тағайындалған.

Талдау:

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті арасындағы Н.

И.Лобачевский атындағы Нижний Новгород мемлекеттік университеті және Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті арасындағы екіжақты шарт негізінде докторанттар ОҚПУ-ға іссапарлар жасаған және ғылыми тағылымдамадан өткен.

Докторанттардың қаржыландырылатын гранттық және бағдарламалық-мақсатты жобаларға қатысуы үшін жағдайлар жасалған. 2024 жылы ЖОО-да 52 докторант ғылыми жобалардың орындаушылары болды. Докторанттар арасында «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының докторанты Хусайынова Гүлмира Жанғалиқызы «Жас ғалым» ЖОО ішіндегі грантының иегері атанған.

2019 жылдан бастап университетте «QAZAQTANÝ» журналы ашылған. Журнал ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтардың, профессорлық-оқытушылар құрамының, гуманитарлық ғылымдар саласындағы магистранттар мен PhD докторанттардың ғылыми зерттеулері мен жарияланымдық белсенділігін қолдау, сондай-ақ Қазақстан мен шетелдің жоғары оқу орындары ғалымдарының өзара іс-қимылын кеңейту және бірлескен гуманитарлық ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін енгізу мақсатында құрылған.

«QAZAQTANÝ» ғылыми басылымының негізгі бағыттары – гуманитарлық ғылымдар, филология ғылымдар, педагогика ғылымдар және шығармашылық бағыты. Журналдың шығарылу жиілігі – тоқсан сайын (жылына 4 рет – наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан айларының соңында), жұмыс тілдері – қазақ, орыс, ағылшын.

«QAZAQTANÝ» журналы «мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы» бұйрыққа (2019 жылғы 15 қаңтардағы №17493 есепке қою туралы куәлік) және ISSN сериялық басылымдарды тіркеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа (03.04.2020 жылғы 2708-0897 сертификаты) сәйкес Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген). Журнал Ресейдің ғылыми дәйексөз индексінің базасына енгізілген (РИНЦ, 05.07.2019 ж. № 260 келісім-шарты).

«QAZAQTANÝ» журналы «ҰҒТЭО» АҚ-да журналдың ресімделуі мен мақалалардың ішкі мазмұнының сәйкестігіне анықтама алды (ГОСТ 7.5-98 «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспа ресімдеу», ГОСТ 7.1-2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері»; журналдың қазақстандық дәйексөз базасында нөлдік импакт-факторының болуы туралы) 10.10.2022 жылы қазақстандық дәйексөз базасына енгізіледі (КБЦ-КИНЦ, 20.01.2023 ж. №3/23 өзара ынтымақтастық туралы келісім) тексеруден сәтті өтіп, журналдың 2020, 2021, 2022, 2023, 2024, ағымдағы 2025 жылдың 1 тоқсандағы саны «QAZAQTANÝ» журналының сайты <https://qazaqtany.auezov.edu.kz/> енгізілген.

Жоғарыда баяндалған ақпарат негізінде, сондай-ақ ғылыми-сараптамалық кеңестің 2024 жылғы шілдедегі шешімімен белгіленген орындалған жұмыстар негізінде - журналдың сайтын пысықтау, Қазақстанның оңтүстік өңірінің ғалым-педагогтарының, магистранттары мен докторанттарының ғылыми зерттеулерінің жұмысына жәрдемдесу мақсатында, Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы ұсынған журналдар тізбесіне «Тарих», «Филология» сериясын тізбеге қосуға дайындау барысында екендігі анықталды.

Аккредиттелетін ОП бойынша жетістіктер – философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған докторанттар

№	Докторанттың аты-жөні, оқу аяқталған жылы	Қорғау күні/ Қорғауды растайтын ЖОО сайтындағы сілтеме	Ғылыми кеңесшілер	Шетелдік ғылыми кеңесшілер
1	Амирова Гаухар Оразбаевна 2023 ж. бітірген	04.03.2025ж № 319 бұйрық. 10.03.2025ж философия докторы (PhD) дәрежесін алды. № 00016391625	Ф.ғ.д., доцент Боранбаев Сандыбай Режепұлы	PhD, профессор Кенан Коч (Мугла университеті, Туркия)
2	Серкебаева Гаухар Искакбаевна 2023 ж. бітірген	04.03.2025ж № 313 бұйрық. 10.03.2025ж философия докторы (PhD) дәрежесін алды. № 00016391825	Ф.ғ.д., доцент Боранбаев Сандыбай Режепұлы	Филология ғылымдарының докторы, профессор Ержан Алкая (Фырат университеті Туркия)
3	Айткулова Гулмира Арипхановна 2024 ж. бітірген	04.03.2025ж № 320 бұйрық. 10.03.2025ж философия докторы (PhD) дәрежесін алды. № 00016391525	Ф.ғ.д., доцент қауымдастырылған профессор Авакова Раушан Амирдиновна	PhD, профессор Кенан Коч (Мугла университеті, Туркия)
4	Базарбеков Бақберді Мураталиевич 2024 ж. бітірген	04.03.2025ж № 318 бұйрық. 10.03.2025ж философия докторы (PhD) дәрежесін	Ф.ғ.д., профессор Тілеубердиев Болатбек Мақұлбекұлы	Филология ғылымдарының докторы, профессор Радбиль Тимур Беньюминович

		алды. №00016391725		(Н.И.Лобачевский атындағы Нижегород мемлекеттік университеті, Ресей)
--	--	-----------------------	--	---

**Докторанттардың алдын ала диссертация талқылауына жіберілуі туралы
мәлімет**

№	Докторанттың аты-жөні, оқу аяқтаған жылы	Бағдарлама түлектерінің қорғамау себебі	Ғылыми кеңесшілер	Шетелдік ғылыми кеңесшілер
1	Жусубалина Жанат 2023 ж. бітірген	28.03.2025 ж Кафедраның кеңейтілген мәжілісінде алдын-ала қорғаудан өтті	Ф.ғ.д., порфессор Тілеубердиев Болатбек Мақұлбекұлы	Филология ғылымдарының докторы, профессор Радбиль Тимур Беньюминович (Н.И.Лобачевский атындағы Нижегород мемлекеттік университеті, Ресей)
2	Хусайынова Гульмира Жангалиевна 2024 ж. бітірген	15.04.2025ж Кафедраның кеңейтілген мәжілісінде алдын-ала қорғаудан өтеді	Ф.ғ.д., порфессор Тілеубердиев Болатбек Мақұлбекұлы	Филология ғылымдарының докторы, профессор Радбиль Тимур Беньюминович (Н.И.Лобачевский атындағы Нижегород мемлекеттік университеті, Ресей)
3	Кайимов Мухамеджан Әбдіхалықұлы 2021 ж. бітірген	Диссертациялық жұмысы толық аяқталған. 2025 жылдың мамыр айында диссертациялық жұмысын алдын ала талқылаудан өту жоспарлануда.	Ф.ғ.д., порфессор Мекемтас Мырзахметұлы Ф.ғ.к., доцент Омаров Нұрлыбек Құралбекұлы	Омонов Кудратилла Шарипович, Ф.ғ.д., порфессор (Ташкент мемлекеттік шығыстану университеті, Өзбекстан)

Диссертация қорғамаған докторанттар тізімі

№	Докторанттың аты-жөні, оқу аяқтаған жылы	Бағдарлама түлектерінің қорғамау себебі	Ғылыми кеңесшілер	Шетелдік ғылыми кеңесшілер
1	Кошикбаева Гульжахан Дастановна 2023 ж. бітірген	Ғылыми мақалалар саны жеткіліксіз болғандықтан қорғамаған.	Ф.ғ.д., доцент Ыбрайым Әзімхан Оразбайұлы	PhD, профессор Кенан Коч (Мугла университеті, Туркия)
2	Пансат Жансая Мусилхановна 2024 ж. бітірген	Диссертацилық жұмысы толық аяқталған, бірақ ғылыми мақалалар саны жеткіліксіз болғандықтан қорғамаған.	Ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Мамаева Гулнар Бейсенқызы	Филология ғылымдарының докторы, профессор Ержан Алкая (Фырат университеті Туркия)
3	Нартай Ажар Нартайқызы 2024 ж. бітірген	Диссертацилық жұмысы толық аяқталмаған, ғылыми мақалалар саны жеткіліксіз болғандықтан қорғамаған.	Ф.ғ.д., доцент Боранбаев Сандыбай Режепұлы	Yann Jolie. Professor of McGill University (Canada)

Жазымды практикалар:

8D02310 – Филология БББ бойынша 4 докторант 2024-2025 оқу жылында докторлық диссертациясын сәтті қорғаған.

Ескерту: Кейбір докторанттардың диссертациялық тақырыптары бойынша Scopus, Web of Science базаларындағы журналдар мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен журналдарда мақалаларын жариялау жеткіліксіз.

Жақсарту шарасы: 1. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде шығатын «QAZAQTANÝ» республикалық ғылыми журналын ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдар тізіміне енгізуді қолға алу.

4-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – айтарлықтай сәйкестік

5-стандарт. Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі

Дәлелдемелер:

Докторанттарды қолдау қызметтері қызметкерлерінің кәсіби деңгейі мен жұмыс тәжірибесі лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес келеді. Барлық қолдау қызметкерлері жұмыс беруші мен білімалушылардың мүдделері мен сұраныстарына сәйкес біліктілігін арттырған және жетілдірген.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының штатында 7 жоғары білікті қызметкер жұмыс істейді: институт директоры, директордың академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары, үйлестіруші, үш бас маман және бір жоғары білікті маман.

